

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Махмет Мұратханның «Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

Р/Н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сзыу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады.</p> <p>«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантуралық комиссияның мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.</p>

		сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2	Фылым үшін маңыздылығы	Жұмыс фылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	Зерттеу жұмысында Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары кешенді талданып, ойшыл мұрасындағы діни, мәдени және әлеуметтік көзқарастар терең сараланған. Сонымен қатар, Ақыт Үлімжіұлының шығармаларына текстологиялық түрғыдан зерттеу жасала отырып, ақын мұрасының қазақ мәдениеті мен діни дүниетанымдағы орны туралы теориялық талдау жасалған және сараптама берілген. Зерттеу жұмысын гуманитарлық фылымға қосатын үлесі жоғары деп бағалауға болады. Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, фылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толық негіздейді.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс дербес зерттеу болып табылады, ол өзіндік ерекшелік пен түпнұсқаулықтың жоғары пайызымен, сондай-ақ авторлық ізденістер мен нәтижелермен расталады. Өзі жазу деңгейі жоғары, ейткені зерттеуде А. Үлімжіұлының діни дүниетанымына қатысты терең теориялық талдаулар жасалып, нақты сипаттамалар берілген. Зерттеу жұмысында орфографиялық қателіктер кездеседі.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация өзектілігі негізделген. Қарастырылып отырган жұмыс Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымын сараптау, талдау бағытындағы алғашқы дінтанулық жұмыс. Сондықтан теориялық, тәжірибелік жағынан жұмыстың өзектілігі айқын. Диссертациялық зерттудің мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерді толық көрсететін сауатты құрылымдауды көрсете отырып, мәлімделген

	<p>1) айқындаиды;</p> <p>2) ішінара айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	тақырыпқа сәйкес келеді. Жұмыстың әр білімі материалдың логикалық және дәйекті көрсетілуін қамтамасыз ете отырып, белгіленген құрылымды қатаң сақтайды. Осылайша, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы академиялық талаптар мен стандарттардың мүқият сақталуын қамтамасыз ете отырып, жоғары деңгейдегі ғылыми жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын құрылымдық тармақтарға сәйкес құрылған.
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, бұл жұмыстың келесі бөлімдерінде теориялық бөлімде қозғалған мәселелердің дәйекті дамуымен расталады. Докторант зерттеудің түпкі мақсатына жетуді қамтамасыз ету үшін бастапқыда қойылған міндеттерге жүйелі түрде орала отырып, әр бөлімді егжей-тегжейлі талдауға ерекше назар аударады.
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Зерттеу жұмысының мазмұны «Ақыт Үлімжіұлы діни дүниетанымының қалыптасуындағы әлеуметтіктарихи алғышарттар», «Ақыт шығармашылығындағы теологиялық және этикалық көзқарастар» және «Ақыт Үлімжіұлы шығармаларының қазіргі таңдағы өзектілігі мен қолданбалы құндылығы» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш траудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулар мен тараушаларында қарастырылатын тақырыптар біртұастықты құрайды. Тақырыптар диссертация жұмысында қаралатын өзекті ойды ашып, белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста диссиденттің ұсынған қағидаттарын дәлелмен көлтірген және өзіне дейінгі шешімдермен салыстыра отырып, сынни талдау жүргізе алған. Талдау нәтижесінде ұсынған тұжырым-түйіндері көңілге қоныстырылады. Диссертацияның ғылыми жаңалығына: Қытайдағы Шыңжаң өңіріне қазақтардың қоныстануы, аталған өңірге ислам дінінің таралуы және Қытайдағы қазақтардың әлеуметтік, діни жағдайына әсер еткен ішкі және сыртқы себептері анықталған. XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы Қытай қазақтары арасында діни білім беру жүйесінің қалыптасуы мен оның халықтың діни, әлеуметтік жағдайына көрстекен әсері қарастырылған. Ақыт Үлімжіұлы діни дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік, саяси және діни факторлар талданып, сараланған. А. Үлімжіұлының діни дүниетанымына кешенді талдау жүргізілді. Оның шығармаларындағы діни-этикалық ойлардың ұлттық және мәдени негіздері анықталды, Сол арқылы Ақыт еңбектерінің қазақ халқының рухани мұрасындағы орны мен маңызы айқындалады.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен ережелерін толығымен жаңа деп бағалауға болады. Өйткені діни ағартушы, ойшыл Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымы мен діни-жтикалық ойтұдырымдарына лағаш рет дінтанулық түрғыда зерттеу жасалынып отыр. Бұл аталған диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелеренің толық жаңа болуына жол ашқан.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертант М. Махметтің диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеу жұмысының ғылыми ақпаратына мазмұнының сәйкестігімен, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімділігімен толығымен жаңа болып саналады. Зерттеу жұмысында ұсынылған негізгі тұжырымдамалардың жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат, міндеттерімен негізделеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс әлеуметтік гуманитарлық бағытында орындалғандықтан, тікелей техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен қатысы жоқ. Сондықтан, аталған жұмысты толық жаңа деп бағлауға болады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Теориялық тұрғыдан және практикалық қолдану жағы қарастырылған.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сурақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p>	<p>7.1 Қағидат диссертация жұмыста берілген бөлімдерде дәлелденген. Диссертант әр қағида бойынша болашақ биолог мамандардың биология саласындағы құзыреттілігін қалыптастырып арттыруға үлесін қосқаны дәлелденді.</p>

	<p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.2 Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ғылыми деректер тривиалды емес және ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p>
	<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p>	<p>7.3 Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4 Мәліметтерді қолдану деңгейі кең және ауқымды. Зерттеу жұмысы тек А.Улімжіұлының діни дүниетанымын зерттеумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы дәстүрлі ислам құндылықтарын бағамдау мен сол кезеңдегі діни жағдайын ахулынан да хабар береді.</p>
	<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.5 Зерттеу жұмыстың нәтижелері ғылыми мақалаларда жарияланған. Авторлық статус диссертация мен мақалалар мазмұнынан айқындалады. Осыған байланысты мақалалар деңгейінде де қағидаттық тұжырымдар жасалып, дәлелденген.</p>
	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	
	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	

	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Зерттеу жұмысының барысында қандай әдістемелерді қолданғаны диссертацияның зерттеу әдістерінде толығымен көлтірілген.
8	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар теориялық зерттеулермен жеткілікті материалдармен дәлелденген және расталаған. Жұмыстың қорытындылары мәтіндік талдаулар негізінде теориялық тұрғыда расталған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінara расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жарияланған ғылыми мақалалар алыс-жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі респубикалық ғылыми журналдарға сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, 179 отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әдебиеттері қолданылған. Әдебиеттер жаңа және зерттеу жұмысының тікелей қатысы бар, нақты дәлелдермен дәйектелген, ғылыми дәлдігі жоғары мақалаларға сілтемелер жасалған.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы өте жағары өйткені, Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымын бағамдауда алғашқы дінтанулық жұмыс ретінде өзіндік маңызға ие.сонымен қатар, алдағы зерттеулерге теориялық көмекші ретінде үлес қоса алады.</p>
		<p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертант М.Махметтің «Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының теориялық маңызы өте жоғары. Біріншіден, алғашқы дінтанулық жұмыс ретінде болашақ Ақыттану мектебінің қалыптасуына жаңаша бағытта жол ашады. Екінші, Ақыт дүниетанымын және Ақыт өмір сүрген кезеңдегі қазақ халқының діни мәдени жағдайын зерттеушілерге көмекші құрал бола алады.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың аясында жасалынған жұмыстар, алынған қорытындар қазақ халқының дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу және оның ғылыми-теориялық негізін дамытуда өзіндік маңызга ие.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары, академиялық және ғылыми этика қағидаттарын сақтай отырып негізделген. Әдеби дереккөздерді пайдалану тиісті сілтемелермен жүзеге асырылады, диссертация сауатты және қысынды түрде, ғылыми стилде құрылған.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді, бұл жұмыс жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын:</p> <p>1. Ақыт Үлімжіұлының баспа беттерінен жарық көрген еңбектері туралы жеке-жеке тоқталып, сипаттама берілсе, Ақыт дүниетанымын толығырақ аша түсуге жол ашар еді деп ойлаймын;</p> <p>2. Ақыт Үлімжіұлы еңбектерінде кездесетін діни терминдердің сөздігі жасалса, Ақыттану ғылымына қосылған үлкен еңбек болар еді.</p> <p>Бұл нақты ескертпелер зерттеудің кейір қырларын толықтырып, теренірек қарастыруға мүмкіндік береді, Жұмысың құндылығы мен сапасын төмендетпейді.</p>

12	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, скопус базасындағы ғылыми журналдарда көрініс тапты: Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша 13 ғылыми мақала жарияланған. Соның ішінде Web of Science Core Collection деректер қорына енетін жарияланымда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала және отандық және шетелдік конференцияларда 7 мақала жарияланған.</p>
13	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Махмет Мұратханның «Ақыт Үлімжіұлының діни дүниетанымдық идеялары» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысы өз бетінше дербес орындалған және аяқталған жұмыс ретінде «Дәрежелерді бөлу ережелерінің диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына» сәйкес келеді, оның авторы «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.</p>

Ресми рецензент:

ҚР ФЖБМ ФК Философия, саясаттану және дінтану институты
Дінтану орталығының жетекшісі, PhD доктор

А.Д. Шағырбай

